

«Алға ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының сараптамасы

«Алға ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

2022-2023 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады.

Аталған жобаның мақсаты:

- білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту;
 - білім алушылардың өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру;
 - экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу.
- Тәрбие жүйесін білім беру ұйымының ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін

арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған. «Туған жер» бағдарламасы өзеліне, өз ауылына, өз қаласына деген махаббаты, жалпы ұлттық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған. Аталған бағдарлама «Рухани жаңғыру» жалпы сана-сезімін қалыптастыру бағдарламасының ең негізгі элементі болып табылады. Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектебімізде 2022-2023 оқу жылының аясында **«Сыңғырла, алғашқы қоңырау»** атты салтанатты жиынымыз өткізілді. Жиынымыздың ашылуы салтанатында Мемлекеттік Ту кіргізіліп, Әнұран орындалды. Жиынның ашылуын мектеп директоры Қ.Қаудановнаға сөз берілді, Оқушылар концерттік бағдарлама көрсетіп, ауылдық округ әкімі Шакиров Н.А. және Уәлихан ауылдық округінің бас маманы Қыздарбекова Ж.Б. және ата – аналарға сөз кезегі берілді. Жиыннан кейін әр сынып жетекшілері сынып **«Терең білім еңбек қорлық және Отаншылдық қасиет»** тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Ішкі істер бөлімінің қызметкері ОКП полиция лининаты Джумагулова Б.Е. оқушыларға лекция оқыды. Мектебімізде даярлық сыныпқа 5 оқушы, 1 сыныпқа 4 оқушы мектеп табалдырығын аттады. Биылғы оқу жылында барлығы 1-9 сынып бойынша 27 оқушы білім алады. Мектебіміз жаңа оқу жылына дайын Әлемдік өркениетке бет алған бүгінгі білім тәрбие алауын жаққан мектеппен тікелей байланысты. <https://www.facebook.com/share/p/16eEFMp6WL/>

Мектебімізде 2022 жылдың 5- қыркүйек Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай іс-шаралар өткізілді.

5 қыркүйек " Қазақстан халқы тілдері күні" апталығында "Тілге құрмет - елге құрмет" тақырыбында 7- 8 сынып оқушыларымен сынып сағаты өтті.

Максаты: Оқушыларға ана тіліміздің маңыздылығын түсіндіре отырып, тілімізді құрметтеуге, ана тілімізден бөлек шет тілдерін, соның ішінде әсіресе ағылшын және орыс тілдерін меңгерудің маңызын түсіндіріп, бірақ өзге тілде емес, өз ана тілімізде қарым-қатынас жасауға тәрбиелей отырып, оқушылардың адамгершілік, рухани, патриоттық сезімдерін қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілігін нығайту.

Қазақстан халқы тілдері күні апталығына орай "Тіл мәртебесі ел мәртебесі " тақырыбында 7-9 сынып оқушылары қабырға газетін жасады.

" Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында 1 сынып оқушылармен кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында "Ертегі әлемі" тақырыбында сабақтан тыс кітапханаға саяхат ұйымдастырылды. Ұйымдастырған 1- сынып жетекшісі Курумбаева А.С.

12-қыркүйек Отбасы күнін мерекелеу аясында , оқушылар мен ата-аналардың арасында отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау барысында мектебімізде

3-4 сынып оқушыларымен "Отбасы болған қандай тамаша " атты сынып сағаты ұйымдастырылды. Отбасы - адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын... адамның ең басты шаттығы болып саналатын балалардың өсіп, өмір сүретін орны.

"Отбасы - шағын мемлекет" тақырыбында 7-сынып оқушыларымен сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға отбасы туралы мәліметтер бере отырып, отбасының қоғамдағы ролімен таныстыру. Ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты күшейту.

Отбасы күніне орай іс - шара жоспары бойынша 3-4 сынып арасында " Мен отбасымды мақтан тұтамын " атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сабақ барысында балалар өз отбасы туралы айтты. Бала тәрбиесіндегі отбасының алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынастың маңыздылығын, отбасындағы құнды дәстүрлерді сақтаудың маңыздылығын айқындату.

Дене шынықтыру пән мұғалімі Орынбасар Булатова 1-4 сынып оқушыларымен "Өкем ,анам және мен " атты спорттық, эстафеталық жарыс өткізді. Қатысқан топтың ішінде "Жебе" командасы бірінші орынға ие болды. 🏆 екінші орынға "Бүркіт " командасы ие болды

Суицид және оның алдын алу жолдары,суицидті болдырмау ,өзін-өзі тәрбиелеуге үйрету мақсатында 9-сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Өткізген: Тәлімгер Г.С.Бекенова

5-6сынып оқушыларымен Талғат Бигелдиновтың 100 жылдығына орай сынып сағаты өткізілді. Мақсаты:Елін ,жерін қорғаған батырларды құрметтеу және олардың ерлігін мақтпныш етуге ,ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Мектебімізде оқушылар арасында өзін-өзі басқару ұйымының "Мектеп парламенті"сайлауы өткізілді.Мектеп президенттігіне үміткерлер анықталып өздерінің сайлау бағдарламасын ұсынды.Сайлау барысында ең көп дауыс жинаған 9-сынып оқушысы Булатова Дариға "Мектеп Президенті "болып сайланды.

Мектебімізде ата - аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде қарастырылған мәселе бойынша жолдау , діни киім бойынша профилактика, оқушылардың қауіпсіздігі күнделік kz мәселелері жайында мектеп директоры Кауданова К.К. айтып өтті .

Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл мерейтойына орай 5-9 сыныптар арасында «Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының ұлы көсемі» тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырды .Қазақ тілі,әдебиет пәні мұғалімі А Бекенова өткізді

"Оқуға құштар жобасы аясында" "Әсем" шағын орталық тәрбиешісі Отарбаева Р.К бүлдіршіндерге "Бауырсақ " ертегісін оқып,әңгімелеп берді .

Мектебімізде 3-4 сынып оқушыларымен"Өрт қауіпсіздігі" жайлы сынып сағаты өткізілді. Өрт қауіпсіздігі бойынша мақсаты :Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру болып табылады,өрттің алдын алуға ынталандыру,қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. Ұйымдастырған 3-4 сынып жетекшісі Отарбаева А.С.

" Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында 3-4 сынып оқушылардың халық ауыз әдебиеті,оның ішінде ертегілер туралы білімдерін тереңдету,көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру мақсатында “Ертегілер еліне” тақырыбында кітап оқу ұйымдастырылды.Ұйымдастырған 3-4 сынып жетекшісі Отарбаева А.С.

"Гигиена және біз" тақырыбында 5-сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты : оқушыларға салауатты өмір салты, киімдерді күту жинақылыққа, ұқыптылыққа, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.

5-9 сынып оқушылары "Күз кереметі" тақырыбында өз қолөнерлерін жасады және де әр сынып қабырға газеттерін ұсынып, көз тартатын күзгі көріністі әртүрлі жарық бояуларда жеткізе алды. Оқушылардың бәрі ұшқыр қиял иелері екендерін дәлелдеді. Өнерлі оқушыларға мадақтама сыйлықтар берілді. Соның ішінде жеңімпаз атанған оқушылар Буркитхан Ж., Булатова Д., Булатов О., Бекенова Ж., Жанжога А., Куанышпек А., Кайролла Е.

"Тазалық денсаулық кепілі" тақырыбында 3-4 сыныптарында тәрбие сағаты өтті мақсаты : Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбатылығын, өмір сүру қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Сынып жетекшісі Отарбаева А.С

5-6 сынып оқушыларымен "Сен өз құқығыңды білесің бе?" атты сайыс өткізілді. Мақсаты: оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып заң алдындағы жауапкершілікті арттыру.

"Үлкенге құрмет-ізеттілік белгісі" тақырыпта 1 сынып оқушыларымен сынып сағаты өтті. Оқушыларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор бола білуге, ізеттілікке, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. "Үлкенге құрмет-ізеттілік белгісі" тақырыпта 1 сынып оқушыларымен сынып сағаты өтті. Оқушыларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор бола білуге, ізеттілікке, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Ұстаздар күніне "орай 9 сынып оқушылары мен ұстаздар арасында теннис және тоғызқұмалақ жарысы өтті. Тоғызқұмалақтан 1-орынды "Болашақ" командасының оқушылар иеленді. Оқушыларды жаман әдеттерден сақтандыру, ішімділік пен темекінің жас организмге зияны, никотин мен алкогольдың әсерінен екенін түсіндіру, өскен ортада тек қана жақсы әдеттерді сіңіруге жаман әдеттерден аулақ болу мақсатында тәрбие сағаты өткізілді. 3-4 сынып оқушыларымен **"Қарттарым асыл қазынам"** тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды адамгершілікке, қайырымдылыққа, жақсы үлгі өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне, мейірімділікке, қарияларды құрметтеуге тәрбиелеу.

1 сынып оқушыларға қарттар күніне арналған "Қарттарым-асыл қазынам" атты сынып сағаты өткізілді

6-9 сынып оқушыларымен "Ұлт руханияты-ұрпақ аманаты" атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Ұлт руханияты ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалатынын ұғындыру, ата-баба дәстүріне сүйіспеншілікпен қарау, қастерлеу, құрметтеуге, тағылым алуға тәрбиелеу. 8-9 сынып қыздар арасында "Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу" қыздардың гигиенасы, жастарды отбасылық өмірге дайындау тақырыбында әңгіме жүргізілді. Әңгіме барысында қыздар өздерінің ойларындағы сұрақтарын қойып, сұрақ-жауап, пікір алмасуға ұласты. Қыздармен әңгіме өз деңгейінде өтіп, қыздар өздеріне қажетті мағлұматтар алды. Әңгімені жүргізген Курумбаева А.С

3-4 сынып "Жеке бас гигиенасы" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді .
Сабақтың мақсатында: Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын түсіндіре отырып, ол үшін тазалық пен жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру. Оқушылардың салауатты өмір сүру салтын уағыздау, оның басты қағидалары мен ережелерін түсіндіру. Оқушылардың денсаулығын сақтау, қорғау, жетілдіру, дамыту тәрізді дағдыларын қалыптастыру. Балаларды тазалыққа үйрету. сынып жетекшісі Отарбаева А.С Мектебімізде 7-8 сынып оқушылары қарттар күніне орай Х.Қарлығаш апамызды құттықтап барды "Қарттарын қадірлеген ел ардақты " демекші үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету адамгершіліктің ең жоғарғы қасиеттерінің бірі болып саналады. Қай халықтың болмасын түпкі тамырында үлкенді сыйлап, құрмет көрсету тереңде жатыр.

Қарттар – біздің асыл қазынамыз. Ортада жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы. Нашақорлықтың алдын алу мақсатында 5-8 сынып оқушыларымен "Есірткісіз мектеп" тақырыбында бейнебайқау өткізілді.

Қарттар айы шеңберінде "Қарттарын қадірлеген ел ардақты " атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Ауылымыздың қарияларын шақырып мерекелерімен құттықтадық. Мектеп директоры Кауданова К.К. сөз сөйлеп, қарттарымызды төл мерекелерімен құттықтады.

Мерекелік іс-шара концерттік бағдарламамен және әдемі дастарханмен жалғасты. Қарттар – біздің асыл қазынамыз. Ортада жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік, тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың

25 қазан Республика күніне орай

Алға ауылының негізгі орта мектебінде 3-4 сынып оқушыларымен "Менің республикам Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді . Сабақтың мақсатында:

- Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу. Сынып жетекшісі Отарбаева А.С

1 сынып оқушыларымен 25 қазан **Республика күніне орай** "Менің Отаным-Қазақстан!" атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларды туған жерін, елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту басты мақсаты болды. Сынып жетекшісі Курумбаева А.С

"Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған "Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының тарихы" атты көрме ұйымдастырылды.

Степняк қаласында өткізілген **"Бабалар салған ізімен"** атты тарихи квестке мектебіміздің 9-сынып оқушылары қатысты. Бұл жоба арқылы олар Отанға деген патриоттық сезімдерін оятты. Олар ауданымыздың тарихи жерлерін, тұлғаларын танып білді. Дипломмен марапаталды .

25 - қазан Республика күніне орай "Қыран елім - Қазақстаным " атты тақырыпта 8-9 сынып оқушылары диктант жазды. Мақсаты: Мемлекеттің құндылықтарымен қағидаттарын құрметтеу, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту.

5-6 сынып оқушыларымен **25-қазан Республика күніне орай "Тарих ізімен"** атты интеллектуалды сайыс өткізілді. Мақсаты: Тәуелсіздігіміздің шексіз, мәңгі болуына адал қызмет ететін білімді де жан-жақты дамыған, интеллекті жоғары патриоттар тәрбиелеу. Өз отаның сүйуге туған елінің тарихын, зияли тұлғаларын тануға шақыру.

Степняк қаласында өткізілген **25-қазан Республика күніне орай "Жастар-2023"** аудандық спартакиадасының бағдарламасы бойынша **" 9-11 сынып оқушылары "Тоғызқұмалақ "** ұлттық ойынынан Алға ауылының негізгі орта мектебінің 9- сынып оқушылары Булатова Дарига, Булатов Осман, Буркитхан Жанмарал, Бекен Байбулан II-орынға ие болды. Қазақстан республикасының құрылуы мен жетістіктеріне арналған кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Ұйымдастырған мектеп кітапханашысы Бекенова Г.С.

25 қазан республика күніне орай **"Рәміздерім мақтанышым"** атты интеллектуалды сайыс 6-7 сынып оқушыларымен өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың мемлекеттік белгілер-рәміздер жөніндегі білімдерін жан-жақты сарапқа салу, отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, өз елін, тегін тарихын сүйуге тәрбиелеу.

«Жүзден жүйрік - мыңнан тұлпар» тақырыбында 7-сынып оқушыларымен Отан туралы мақал - мәтел сайысы өткізілді. Мақсаты:

1. Оқушыларды «Сөз мәйегі - мақал» дегендей, ата-бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету.

0-4 сынып оқушылары арасында **"Алтын күз "** мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылды. Оқушылар өз өнерлерін көрсетті. 25 - қазан Республика күніне орай 5-7 сынып оқушылары арасында **"Менің Отаным"** атты сурет байқауы өткізілді.

25 қазан Республика күніне орай 8-9 сынып оқушылар арасында "Мен өз Отанымның патриотымын" атты дебат өтті. Мақсаты: Отанға деген мақтаныш патриоттық сезімін ояту. Отанды сүйуге ізеттілікке, кішіпейілділікке, болашаққа үлкен үмітпен қарауға тәрбиелеу. Республика күні қарсанында мектебіміздің белсенді оқушылары мен ұстаздары марапатталды. 6-7 сынып оқушыларымен "Қызға қырық үйден тыйым" атты сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, әдептілік тазалық қасиеттерін дамыту, жеке бас гигиенасын сақтауға тәрбиелеу. 7-9-шы сыныптармен "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!" атты дөңгелек үстел өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа жол

жоқ!»

мақсаты: Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыра отырып, «Сыбайлас жемқорлық, парақорлық» сөздерінің мағынасы мен Сыбайлас жемқорлық, әсіресе, мемлекеттік билік органдарында, экономикаға қауіпті не екенін түсіндіру.

5-9 сынып оқушылары арасында "Алтын күз" мерекелік іс-шара ұйымдастырылды оқушылар өз өнерлерін көресттті.

5-6 сынып оқушыларымен **Мәншүк Маметованың 110 жылдығына орай сынып сағаты өткізілді.** Мақсаты: Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жан аямас соғыс туралы түсінік бере отырып, ер азаматтармен қатар күрескен батыр қыз Мәншүктің ерлігін үлгі ету, батырларға құрметпен қарауға тәрбиелеу, мақтаныш және патриоттық сезімдерін дамыту. .Аудандық "Баянғали оқулары" байқауында "Қазақтың мен де ақкөңіл баласымын" аталымы бойынша І-орынға ие болған 9-сынып оқушысы Буркитхан Жанмарал. Жетекшісі қазақ т.әдебиет пәні мұғалімі А Бекенова. ІІ – тоқсанда жоспарға сай жұмыс жүргізілді Жоспарда берілген іс – шара бойынша сынып жетекшілер ұйыдастырып отырды. Қараша айындағы құрылған жоспары бойынша "Өмір - мен сені сүйемін" тақырыбында 9 - сынып оқушыларымен тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылардың өмірдегі өз орнын табуға көмектесу, жан дүниесін байыту арқылы адамгершілікке жетелеу. Жақсы қасиеттерді бала бойына дарыту. Өмірге деген құштарлықтарын, қызығушылықтарын ояту. «Өмірдің мәні» туралы ой пікірлерін ортаға салу. Өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей, бағалай білуге тәрбиелеу, өмірден өз орындарын таба біліп, айналасына қуаныш сыйлай білуге үйрету.

Оқушыларға арнап буккроссинг бұрышы қойылды "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында бес минут кітап оқы атты буккроссинг бұрышы қойылды. Оқушылар үзілісте қызыға кітап оқып, ой өрісін дамытып бір біріне үлгі болып кітап оқуға шақырады.

"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" акция аясында 5-6 сыныпта "Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз" тақырыбында сынып сағаты өткізілді

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз атты 5-6 сынып оқушыларымен сурет байқауы өткізілді.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында даярлық сынып оқушыларымен ертегі еліне саяхат ұйымдастырылды.

8-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық акциясы аясында " Зорлық - зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады" тақырыбында 7-8 сынып оқушылары эссе жазды.

Қазақ тілі пәні мұғалімі Бекенова А.А"Қазақ халқының патриоттық рухын дәріптейтін Ілияс Есенберлин " тақырыбында 7-9 сынып оқушыларымен

адалдық сағаты өткізілді. "**Ұлттық валюта-теңге күні**"тақырыбында 3-4 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты:

Оқушыларды ұлттық теңгенің шығу тарихымен таныстыру. Оқушыларды рәміздерімізді құрметтеуге, тәуелсіз қазақ елінің жетістіктерін, тарихын білуге тәрбиелеу.Оқушылардың өзіндік көз қарастарын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту.Сынып жетекшісі Отарбаева А.С.

"Қазақ халқының патриоттық рухын дәріптейтін Ілияс Есенберлин "

тақырыбында 3-4 сынып оқушыларымен адалдық сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: Қазақ халқының дара тұлғасы, ұлы жазушы Ілияс Есенберлиннің бай шығармашылығымен таныстыру.Тіл мәдениетін, сөз байлығын, сөздік қорын ояту, шығармашылық қабілетін арттыру, топтық жұмыс жасауға

дағдыландыру.Оқушыларды ана тілін қастерлеуге, ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа, білімділікке тәрбиелеу. Сынып жетекшісі Отарбаева А.С

8-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық акциясы аясында " Бізге бәрі қызықты " тақырыбында - 9 сынып қыздары арасында медбике Темиргалиева Х. К ашық әңгіме өткізді.5-бсынып оқушыларымен экологиялық сынып сағаты

өткізілді.Мақсаты:Шығармашылық қабілеттерін,жақсылық жасай білу іскерліктерін,ойлау қабілетін дамыту,өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.

Табиғатты қорғауға,елін,жерін сүюге,мейірімділікке,ізгілікке тәрбиелеу,экологиялық тәрбие беру.

Қазақтың ұлы жазушысы ғұлама ғылым, қоғам қайраткері филология ғылымдарының докторы профессор Мұхтар Әуезовтің 125 жыл толуына танымдық сабақ өткізілді.Өткізген кітапханашы Бекенова Г.С.5-бсынып оқушыларымен "Әдептілік-адамгершілік бастауы "атты тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты:Адамгершілікке,кішіпейілділікке,жаман әдеттерден аулақ болуға баулу.Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып ,әдеп әліппесін боиына дарыту.

5-7сынып қыздарымен "Қызға қырық үйден тыйым"атты қыздар жиналысы өткізілді.Мақсаты:Қыз балаларға адамгершілік,адалдық,іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы,қыз намысы сымбаты, имандылық, тазалық,қасиеттерді дамыту,әдепсіздік жолға түспеуге тәрбиелеу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз атты 5-6 сынып оқушыларымен сурет байқауы өткізілді. **"Оқуға құштар мектеп"** жобасы аясында даярлық сынып оқушыларымен ертегі еліне саяхат ұйымдастырылды

8-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық акциясы аясында " Зорлық - зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады" тақырыбында 7-8 сынып оқушылары эссе жазды. Қазақ тілі пәні мұғалімі Бекенова А.А"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" акция аясында 3-4 сыныпта "Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Сабақтың мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтары мен бас бостандықтарын қорғау туралы үйрету. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау. Сынып жетекшісі Отарбаева А.С

8-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық акциясы аясында 4 -7 сынып оқушылары"Бақытты балалық шақ " тақырыбында сурет салды.

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық акциясы аясында " Зорлық - зомбылық туралы мен не ойлаймын" тақырыбында 7-8 сынып оқушыларымен сауалнама жүргізілді.Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту.Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйретуЗорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 5-бсынып оқушыларымен "Сен өз құқығыңды білесің бе?"атты сайыс өткізілді. Өткізген тәлімгер Бекенова Г.С."Ұлттық валюта" күніне Оқушыларға оның әлемдегі орны туралы білімдерін тереңдету мақсатында "Ақша уақыт тынысы"атты ақпараттық сағат өткізілді .Өткізген кітапханашы Бекенова Г.С.

"Ұлттық валюта - теңге" тақырыбында 9 - сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.Мақсаты:Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменен байланысты оқушылардың мүмкіндігін дамыту. Туған жеріне, отанына сүйіспеншілігін ояту.

"Қазақ халқының патриоттық рухын дәріптейтін Ілияс Есенберлин " тақырыбында 7-9 сынып оқушыларымен адалдық сағаты өткізілді. Ұлттық валюта-теңге күні" тақырыбында 3-4 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: Оқушыларды ұлттық теңгенің шығу тарихымен таныстыру. Оқушыларды рәміздерімізді құрметтеуге, тәуелсіз қазақ елінің жетістіктерін, тарихын білуге тәрбиелеу. Оқушылардың өзіндік көз қарастарын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сынып жетекшісі Отарбаева А.С. Қазақ халқының патриоттық рухын дәріптейтін Ілияс Есенберлин " тақырыбында 3-4 сынып оқушыларымен адалдық сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: Қазақ халқының дара тұлғасы, ұлы жазушы Ілияс Есенберлиннің бай шығармашылығымен таныстыру. Тіл мәдениетін, сөз байлығын, сөздік қорын ояту, шығармашылық қабілетін арттыру, топтық жұмыс жасауға дағдыландыру. Оқушыларды ана тілін қастерлеуге, ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа, білімділікке тәрбиелеу. Сынып жетекшісі Отарбаева А.С

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық акциясы аясында " Бізге бәрі қызықты " тақырыбында - 9 сынып қыздары арасында медбике Темиргалиева Х. К ашық әңгіме өткізді 5-6сынып оқушыларымен экологиялық сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Шығармашылық қабілеттерін, жақсылық жасай білу іскерліктерін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.

Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүюге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру.

Қазақтың ұлы жазушысы ғұлама ғылым, қоғам қайраткері филология ғылымдарының докторы профессор Мұхтар Әуезовтің 125 жыл толуына танымдық сабақ өткізілді. Өткізген кітапханашы Бекенова Г.С. 5-6сынып оқушыларымен "Әдептілік-адамгершілік бастауы " атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға баулу. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту. 5-7сынып қыздарымен "Қызға қырық үйден тыйым" атты қыздар жиналысы өткізілді. Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы сымбаты, имандылық, тазалық, қасиеттерді дамыту, әдепсіздік жолға түспеуге тәрбиелеу.

9 - сынып оқушылары Булатова Дарига , Буркитхан Жанмарал "Балауса -балғын таланттар" атты балалар жылына арналған "Ақмола жұлдыздары " облыстық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы байқауында көрсеткен өнерлері үшін лауреат марапаттына ие болды. Оқуға құштар мектеп "жобасы бойынша "Ақмола өңірінің ақындары " атты тақырыбында 5-8сынып оқушылары реферат қорғады: Мақсаты: Жерлес ақын-жазушылардың шағармаларын насихаттау. Ақмола өңірінің ақын-жазушыларының сүйетін, дәріптейтін тұлға тәрбиелеу.

5-бсынып оқушыларымен "Ас- адамның арқауы" атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Адамның өміріндегі астың маңызды ролін түсіндіру. Денсаулықты сақтауға, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Дүниежүзілік ЖИТС -мен күрес аясында "Спид ғасыр дерті" атты презентация көрсетіліп дөңгелек үстел өткізілді.

Экостар жоба бойынша "Қазақстанның экологиялық аймақтары" атты презентация көрсетіліп 7-9 сынып арасында пікірталас өткізілді. Мақсаты: Еліміздегі экологиясы нашар аймақтары бойынша танымдық түсініктерін кеңейту. Қоршаған орта мен оның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары ұрпақ.

Мектебімізде 05.12-09.12 аралығында өтетін математика, информатика, физика пәндері бойынша "Бүкіл әлем сөйлейді, нақты ғылым тілінде" тақырыбындағы апталықтың ашылу салтанаты болды. Апталықты МИФ ғылымдары ашып, артынан әр пәннің кереметтілігін әнмен жалғастырды. Алғашқы күннің жеңімпаздары да анықталды. Мектебіміздің Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері арасында "Менің болашақ мамандығым" атты сурет байқауы өткізілді. Физикалық турнир" атты ойын барысында оқушыларға физикалық терминдерді, шамаларды қайталану, Ұлы физик ғалымдардың өмірбаяндарын, еңбектерін есте сақтау қабілеттерін арттыру мақсатында "Ньютон" тобы мен "Жылдамдақ" тобы арасындағы сайыстың жеңімпазы "Ньютон" тобы болып анықталды. Оқушыларға келесі сайыстарда да сәттілік тілейміз! Мектебіміздің 7-8 сынып оқушыларнан сауалнама алдық. Тақырыбы: "Өз құқығым өз мүддеміз" Мақсаты: оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру. 6-9-сынып қыздары арасында "Ерте жүктіліктің нәтижесі" тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Мектебімізде құрылған апталық жоспар бойынша информатика пәнінен 7-8-9 сынып оқушыларымен "Информатика әлеміне саяхат" тақырыбында сайыс өткізілді. Ұйымдастырған пән мұғалімі Е. Бекенов. Сайыстың мақсаттары: Оқушылардың білімі мен тапқырлығын, өнері мен ұшқырлығын, ақылдылығы мен жылдамдығын, көптің ортасына салып, бақтарын сынату, алған білімдерін пысықтау. Оқушыларды компьютерді пайдалана отырып, шығармашылығын, ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру, компьютерлік сауаттылығын дамыту.

Мектебімізде 9-желтоқсанда 5-9 сыныптар арасында "Код сағаты" Қазақстан 2022 ж сабағы өтті. Код сағатының мақсаты-оқушыларды қарапайым және қызықты түрде бағдарламалаумен таныстыру және олардың нақты ғылымдарға деген қызығушылығын ояту. Барлығы 18 оқушы қатысып, сертификат алды. Алға ауылының негізгі орта мектебінде 7-9 сынып оқушыларымен Тәуелсіздік күніне орай "Еліміздің еркіндігі- тәуелсіздік" атты тақырыбында бейнеролик көрсетілді.

"Оқуға құштар мектеп" жоба аясында Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік теңдігім, Елбасы-елдігім" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты:

Оқушыларға тәуелсіздік туралы түсінік беру.

Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздіктің сырлы бояулары" атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Алға ауылының негізгі орта мектебінде 3-4 сынып оқушыларымен Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік-ел бақыты! тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: Қазақстан республикасы туралы оқушылардың алған білімін жинақтап, одан әрі танымдылығын арттыру.

Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдысын дамыту өз ойын мәдениетті түрде жеткізе білу.

Туған халқына, Отанына, оның тарихи тағдырына деген құрмет сезімін қалыптастыру. Сынып жетекшісі: Отарбаева А.С

"Тәуелсіздіктің мәңгілік таңы" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды 5 сынып оқушыларымен өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан Республикасы туралы, оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру. Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, көрсету; оқушыларды өз елін сүйуге, қастерлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, өз ана тілін сүйуге, әдемі сөйлеуге үйрету. Оқушыларға тәуелсіздіктің ұғымы түсіндіру.

Тәуелсіздік күніне орай өткізілген іс-шарада мектеп оқушыларына бейнебаян көрсетіліп, желтоқсанның ызғарлы күндері жайлы мәліметтер берілді.

Қазақстанның тәуелсіздік алғалы бергі жетістіктері жайлы сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгіме жүргізілді. "Тәуелсіз Қазақстан" атты тақырыпта мәнерлеп оқу іс-шарасы өтті. 5-7 сынып оқушылары қатысты. Белсене қатысқан оқушыларға сертификаттар берілді. Ұйымдастырған қазақ тілі, әдебиет пәні мұғалімі А.Бекенова. Тәуелсіздік мерекесіне орай мектеп оқушыларын "Біріңғай Жас ұлан Жас қыран балалар мен жасөспірімдер ұйымы" қатарына қабылдау рәсімі өткізілді. Мақсаты: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында 6-8 сынып оқушылар арасында "Адал және сатылмайтын еңбек бейне" атты сурет байқауы өткізілді. Ғаламтордың пайдасы мен зияны тақырыбында 8-9 сынып оқушылармен тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты:

Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау; пәнге қызығушылығын арттыру. Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, оқушылардың ой - өрісін, тіл байлығын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке, ізеттілікке, техника қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 6-сынып оқушылары үзіліс кезінде "Кел бірге оқиық" дауыстап кітап оқыды. Мектептің Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері 3-4 сынып арасында дойбы сайысын өткізді. Сайыс нәтижесінде достық жеңді. Мектебімізде Жаңа жыл қарсаңында 4-9 сынып оқушылар арасында Жаңа жылдық сынып қабырға газеттерін салу мен қолөнер байқауы өткізілді. Оқушылар бәрі ұшқыр қиял иелері екендерін дәлелдеді. Өнерлі оқушыларға мадақтама

сыйлықтар берілді. Жеңімпаздар Олжабай А, Қайролла Е, Жанғожа Д, Қуаншпек А.

Пиротехникалық бұйымдарды қолданғанда қауіпсіздік қатан сақталу керек. Пиротехникалық заттарды қолдану ережелері, оттың тілсіз жау екендігін және одан сақтанудың жолдарын, қатерлі нәрседен аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында "Пиротехникалық өнім қауіпті" тақырыбында бейнероликтер көрсетіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қаңтар айындағы құрылған жоспар бойынша 4-6 сынып оқушылар арасында "Бақытты балалық шақ үшін" атты тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Құқықбұзушылықты алдын алу мақсатында 5-7 сынып оқушыларымен "Құқықбұзушылыққа жол жоқ" атты тәрбие сағаты өткізілді. Өткізген Бекенова Г.С. Мектебіміздің 5-6 сынып оқушыларының арасында "Өлкемнің табиғаты" атты сурет байқауы өткізілді. Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерінің арасында "Менің Қазақстаным" атты сурет байқауы өткізілді. Жеңімпаздар Булатова Ж. 7 сынып, Олжабай А. 7 сынып, Сағынтай М. 7 сынып, 5-6 сынып оқушыларымен "Қыста жол бойында ойнау-қауіпті" атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Көшеде жүру тәртіб ережелерін қайталау. Оқушыларды сақтыққа баулу. Өздерін көшеде, жолда тәртіпті ұстауға үйрету. Мектебімізде Темиргалиева Х.К. медбике 3-4 сынып оқушыларымен "ЖРВИ, тұмаудың алдын алу" бойынша әңгіме жүргізді. Оқушыларға тұмау ауруы жөнінде ақпарат беру, және оның алдын алу жолдарымен таныстырды.

"Эко-әлем" тақырыбында 7-сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру. Мектебімізде дене шынықтыру пәні мұғалімі Булатова О.З. "Шаңғы шақырды" апталық аясында 6-8 сынып оқушылар арасында шаңғы тебуден фестивалі өткізді.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 3-4 сынып оқушылары үзілісте ертегілер оқыды. Ұйымдастырған кітапханашы Бекенова Г.С.

Алға ауылының негізгі орта мектебінде 5-8 сынып оқушылар арасында "Информатика әлемінде" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты:

- Оқушылардың информатикадан алған білімдерін жетілдіру.
- Оқушыларды ұйымшылдыққа, ұжымдасып жұмыс жасай білуге баулу.

Мектеп тәлімгері Ұланбасымен және өзін-өзі басқару парламентімен жиналыс өткізді. Жиналыста 3 тоқсанға қойылған жоспарлар талқыланды.

2023 жылдың наурыз айында І облыстық «Ілияс Есенберлин» байқауының аудандық кезеңінде Алға НОМ 9-сынып оқушылары жеңіспен оралды.

«Жазушының көркемдік әлеміне бойласақ» 1-номинациясы бойынша ІІ орынды иеленген 9-сынып оқушысы Буркитхан Жанмарал

«Тарихтың көркем суреткері» 2-номинациясы бойынша ІІ орынды иеленген 9-сынып оқушысы Булатова Дариға

«І. Есенберлин шығармаларының тақырыптық-идеялық жүйесі» 3-номинация бойынша ІІ орын иеленген 9-сынып оқушысы Булатова Дариға.

Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салты құндылықтарын дәріптеу, алкогольизм, нашақолық, шылым шегушіліктің алдын алу мақсатында

"Салауатты өмір салты туралы не білемін?" атты викторина өткізілді.

Оқушыларға сұрақтар жазылған тілшелер таратылып, ұтымды жауаптар алынды. Мектебімізде 7-8 сынып оқушыларымен "Өмір мен сені сүйемін" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Оқушылардың өмірге деген құштарлығын, қызығушылығын ояту.

Өмірдің мәні туралы ой пікірлерін ортаға салдыру.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында "Адалдық дүкені" жобасы жүзеге асырылуда. Жоба мақсаты оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сана мен мәдениетті дамыту, сонымен қатар ішкі парасаттылықты, адалдықты және бір-бірімізге деген сенімді қалыптастыру, адал адам ретінде тануға мүмкіндік беру.

"Су тасқыны" тақырыбында 1 сынып оқушыларымен сынып сағаты өтті. Су тасқыны туралы түсінік беріп, одан қорғану, көмек беру жолдары таныстырылды. Су тасқыны тақырыбында 3-4 сынып оқушылармен сынып сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: Су тасқыны туралы түсінік беру, одан қорғану, көмек беру жолдарын меңгерту; Жер бетіндегі және жер астындағы суды тиімді пайдалануға, суды ластамай, қорғауға баулу, қауіпсіздік ережелерін сақтауға, тәртіптілікке, ұқыптылыққа, сабырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу. 5-6 сынып оқушыларымен "Зиянды тағамдар" атты сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың дұрыс тамақтану туралы білімдерін жүйелеу, кеңейту. Дұрыс тамақтану білу мәдениетін тәрбиелеу. Өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға үйрету. 9 - сынып оқушыларымен "Менің болашақ мамандығым" атты сынып сағаты өткізілді.

12 - сәуір "Ғарышкерлер күні қарсанына, "Ғарыштағы алғашқы адам" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпақтың патриоттық, отаншылдық сезімін оята отырып, елін, жерін, сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу, ғарышкерлерге деген құрмет сезімге баулу. 5-6 сынып оқушыларымен "Бала құқығы - асыл қазына" атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру.

12 - сәуір Ғарышкерлер күніне арналған,

"Ғарыштағы алғашқы адам" тақырыбында 3-4 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.

Сабақтың Мақсаты: Оқушыларға ғарыш әлемі туралы түсінік бере отырып, алғаш самғаған әлемдік және Қазақстандық ғарышкерлер туралы мағлұмат беру; Ғарыш әлеміне деген қызығушылық және танымдық қабілетін арттыру; Оқушылардың патриоттық сезімін ояту.

Сынып жетекшісі Отарбаева А.С

12сәуір Ғарышкерлер күніне орай "Шексіз ғарыш әлемі" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. 12- сәуір күні барлық білім беру ұйымдарында Шахматтан республикалық челлендж ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың шахмат ойынына деген қызығушылығын арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Ойнау логикасы зейінділікті дамытуға, 5-9 сыныптар арасында мектепшілік турнир өткізілді. 9 сынып ұлдар арасында 1 орын Бекен Байбұлан, 8 сыныптан Булатов Осман 2 орын. Қыздар арасында 9 сынып оқушысы Жанғожа Аяжан 1 орын, 2 орын Қуанышпек Айғаным. Ұйымдастырған дене -шынықтыру пәні мұғалімі Булатова О. 12 сәуір Ғарышкерлер күніне орай "Біз және ғарыш" тақырыбында Қол өнер көрмесі ұйымдастырылды. Осы көрмеге 3-9 сынып оқушылары қызығушылықпен қатысты. 12 сәуір Ғарышкерлер күніне орай "Біз және ғарыш" тақырыбында Қол өнер көрмесі ұйымдастырылды. Осы көрмеге 3-9 сынып оқушылары қызығушылықпен қатысты.

Мектебімізде жоспар бойынша "Өмір неткен тамаша" тақырыбында 5-9 сынып оқушылар аралығында эссе жазды. Мақсаты: балалардың өмірдегі қызығушылығын арттыру, ізденісін дамыту, жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей бағалай білуге тәрбиелеу. Ұйымдастырған қазақ т.әдебиет мұғалімі Бекенова А.А.

Ауданымызда "ТУҒАН ЖЕРІМ" облыстық сырттай бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды. "Бәрі Туған жерге деген махаббаттан басталады" номинациясы бойынша 9-сынып оқушысы Булатова Дариға қатысып, облыстан 3-орын иеленді. Сыйлықтар мен диплом марапатталды. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті көппәтерлі үйлердің терезелерінен балалардың құлап кету фактілерін болдырмау мақсатында «Қауіпсіз терезелер» республикалық ақпараттық тұжырымдамасын негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларымен "Қауіпсіз терезелер" тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 8-9 сынып оқушыларымен "Нашақорлыққа жол жоқ" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Нашақорлыққа жол бермейік! Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету.

Ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер – темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға шақыру. Адамгершілік, имандылыққа тәрбиелеу. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті көппәтерлі үйлердің терезелерінен балалардың құлап кету фактілерін болдырмау мақсатында

«Қауіпсіз терезелер» республикалық ақпараттық тұжырымдамасын негізге ала отырып, 7-9 сынып оқушыларымен "Қауіпсіз терезелер" тақырыбында сынып сағатты өткізілді.

18 сәуір күні "Буллинг және Кибербуллинг" атты тақырыбында мектепшіл ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналарға буллинг және оның түрлері туралы мәліметтерді ортаға салып, жасөспірімдер арасында буллингті тоқтату және оған жол бермеу, оның алдын алу сонымен қатар егер бала буллингтің құрбаны болған жағдайда ата-ана қандай шара қолдану керек екендігі туралы кеңестер беріліп, видеоролик, презентация көрсетіліп, жадынамалар таратылды.

5-9 сынып оқушылары арасында "Буллингті анықтау бойынша" сауалнама алынды. "Буллингке және суицидке қарсы онкүндік іс - шара жоспары аясында Әлеуметтік педагог 5-9 сынып оқушылары арасында "Бірге жеңеміз" тақырыбында тренинг өткізді. Зорлық зомбылыққа қарсымыз" атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Буллинг сөзінің мағынасын ашу, таныту. Жасөспірімдер арасында қорлау, мазақтау намысқа тию жағдайларының алдын алу. Оқушыларды сыйластыққа, бір-біріне көмек көрсете білуге тәрбиелеу. "Буллинг зардабы және онымен күресу жолдары" тақырыбында 5-9 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Буллинг және кибербуллинг жайында ақпаратпен таныстыру; Балалардың өз ойларын еркін айтуға жаттықтыру; Адамдармен жақсы қарым-қатынас жасауға үйрету.

5-9 сынып оқушыларына "буллинг" тақырыбына байланысты бейнебаяндар көрсетілді. Туған жер - алтын бесігім" тақырыбында 5-9 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Жас ұрпақты өз Отанын сүйуге, туған жерінің тарихын білуге, туған жерін қастерлей білуге, өз елін, жерін қорғап оны ойлай білетін ұлтжанды, патриот сезімі ұялаған, өз ойын көркем толық жеткізе алатын толыққанды жеке тұлға ретінде қалыптастыру сонымен қатар туған жер тарихын ұғындыра отырып, елін, жерін, табиғат байлықтарын қорғай білуге үйрету.

Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні мерекесіне орай 9 - сынып оқушылары видео құттықтау дайындады 9 – мамыр – Жеңіс күні, бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам.

"Туған өлкем" онкүндік жоспар аясында "Туған жерге тағзым" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. 3-4 сынып оқушыларымен 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру.

Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет - ғұрпын сыйлауға үйрету.

4 мамыр күні, сағат 11.00 де "Еркін ел ұрпағы" атты жалпыұлттық патриоттық диктант ұйымдастырылды. 5-9 сынып оқушылары мен ата- аналар комитеті, ұстаздар, қамқоршылық кеңес мүшелері қатысты. Мақсатымыз: еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігінің дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы ұрпақ тәрбиелеу. 7 мамыр Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр Жеңіс күніне орай мектебімізде мұғалімдер мен оқушылар арасында "Жеңіс лентасы" патриоттық лентаны жаппай тағу акциясы басталды. 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай. "Ұранды ердің - ұрпағы қайсар" атты сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйуге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай 5-6 сынып ұлдар арасында "Жігіт сұлтаны 2023" сайысы өткізілді. Мақсаты: Жігіттерімізді батырлыққа, шешендікке, тапқырлыққа, имандылыққа тәрбиелеу, сегіз қырлы бір сырлы демекші жігіттерді жан-жақтылыққа баулу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында 5-8 сынып оқушылар арасында "Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті!" атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: " Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сана мен мәдениетті дамыту, сонымен қатар ішкі парасаттылықты, адалдықты қалыптастыру. 3-4 сынып оқушыларымен 7 мамыр Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр Жеңіс күніне орай мектебімізде

сынып сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту. Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру патриоттық сезімге баулу.

Оқушыларды үлкен адамдарды сыйлауға, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.

9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай " Еркін ел ұрпағы "1- сынып оқушылармен сағаты өткізілді. **Мақсаты:** Балаларды адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.

9 мамыр Ұлы Жеңіс күні Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен осынау мерекенің жемісі.

Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы Күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек. Жеңістің туы желбіреп, еліміздің абыройы арта берсін!

8-11 сынып оқушылары арасында І-облыстық Ілияс Есенберлин байқауы Атбасар қаласында өтті. Байқауда Алға ауылының негізгі орта мектебінің 9-сынып оқушылары Булатова Дарига және Бүркітхан Жанмарал 2-ші орынға ие болды. Оқушыларға қатысқаны үшін сертификат және 2-дәрежелі диплом, Ілияс

Есенберлиннің кітабын марапаттады. Жетекшісі қазақ т.әдебиет пән мұғалімі Алия Амантайқызы.

"Тоғыз айға 9 іс - шара" тұжырымдамасы негізінде "Жасыл мекен" челленджі ұйымдастырылды. Алға ауылының негізгі орта мектебінде 13.05.2023 жылы сағат 12:00-де "Жасыл мекен" челленджін ұйымдастыру арқылы экологиялық тәрбиені насихаттап, Отанға, жерге деген патриоттық сезімдерін ояту үшін және табиғатқа қамқорлық пен қарап, экологияға деген сүйіспеншілігің қалыптастыру бағытында 9-8 сынып және мектеп ұжымымен мектеп ауласына "Бір тал кессең- он тал ек"-дегендей 10 көшет салынды. Мақсаты: Экологиялық мәдениетті қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу. Табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, адамдарға деген қамқорлық сезімін бағыттау. 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай. «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында 7-8 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін дайындау. Отбасы- Отанның бір бөлшегі екенін ұғындырып, жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Халықаралық отбасы күніне орай "Бақытты отбасы" атты бейнеролик бастауыш сынып оқушылары ұсынады. 5-бсынып оқушыларымен "Әдеп ең қымбат мирас" атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: балалардың өмірге қажетті білік- дағдыларын тереңдете отырып ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрге баулу, сәлемдесу, қонақ күту, сыйластық, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу тәрізді әдептілік қағидаларын меңгерту арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу; сөйлеу, ойлау, көру қабілеттерін дамыту. Халықаралық отбасы күніне орай "Спорт-денсаулық кепілі" тақырыбында көңілді старт жарысы өткізілді. барлығы 18 оқушы қатысты.

1 - орын Сұңқар тобы

2- орын Аққу тобы

3 - орын Бүркіт тобы орын алды.

Спорт – денсаулық кепілі»

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, қимыл - қозғалыс қабілеттерін дамыту, денсаулықты нығайту.

19 - мамыр күні " Менің мектебім буллингке қарсы ! " атты жалпы республикалық флешмоб өткізілді.

Мақсаты: Қоғам назарына балалардың қауіпсіздік мәселелеріне деген саналы көзқарасын аудару.

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында – 29-30 мамырда білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын, отбасылық дәстүрлерін сақтау, балалар шығармашылығын дәріптеу. 5-8 сынып оқушылар арасында «Әлем – балалар көзімен» тақырыбында шығармашылық флешмоб өткізілді. мектебімізде 2022-2023 оқу жылының аяқталуы аясында «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты салтанатты жиынымыз өткізілді. Салтанатты жиынға Уәлихан округінің бас маманы Оспанова.К.К қатысты. Мектеп директоры Қауданова Қ.Қ

сөз сөйлеп,үздік оқушыларды марапаттады.Кеше ғана алғашқы қоңырау сыңғыры оқушыларды мектепке, оқу-білімге шақырылған еді.Мектеп бітіруші түлектерді үлкен өмірге аяқ басқалы отыр.Ал 1-сынып және 4- сынып түлектері бір саты жоғары сыныпқа көтерілді.Кемел келешегіміздің көшбасшыларын марапаттады. 1 маусым күні-Балаларды қорғау күніне орай мектебімізде "Балалар біздің болашағымыз"атты іс-шара өтті.Балалар көптеген қызықты ойындар ойнап өнерлерін көрсетті .Әр ойнатқан ойындардан соң сыйлықтар берілді би билеп ,көңіл көтерді.Демеушілік көрсеткен Акимбаева И.А. алғысымызды білдіреміз.Мектебізде Қазақстан республикасының рәміздер күніне орай 5-бсынып оқушылар арасында "Сен рәміздер туралы білесің бе?"атты викториналық сайыс өткізілді.Мақсаты:Мемлекеттік рәміздер жайлы мәлімет бере отырып ,оқушыларды өз Отанының азаматы етіп тәрбиелеу.Оқушыларды өз ойын пікірін айта алуға дағдыландыра отырып,жеке тұлға ретінде қалыптасуын дамыту.